

САУАТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ



ындаған:
ссерген:



Курстық жұмыстың көкейкестілігі: Халқымыз жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп, кейінгіге талай ұлағатты сөздерін, іс-тәжірибесін қалдырған. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында және оқу-тәрбие саласына байланысты басқа да құжаттарда жан-жақты білімді, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, денсаулығы мықты, шешен тілді, рухани дүниесі бай және салауаттылық деңгейі жоғары ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі көрсетілген. Ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлттық сана-сезім, ұрпақты руханилыққа және салауаттылыққа тәрбиелеуде ұлтымыздың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, жазба мұралары негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан асыл мұраларды жинақтап, зерттеп зерделеудің құндылығы арта түсуде. Қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, салауаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған. Ер балаларға ауылдың үлкендеріне қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап, үлкендерге жол беруді, олардың алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жадына «сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық, «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені», «Кішіпейілдіктен кішіреймейсің», «Жұпыны жұтамайды, сыпайы сүйкімді» деген қағидаларды үнемі уағыздаған. Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді өнерге, еңбекке шақыра отырып, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттерге баулу мәселесін алғашқы орынға қойған. Халық мұраларында рухани-адамгершілік қасиеттерді, әсіресе, ар-ожданды қастерлеу тәрбиенің басты қағидасы болып саналған. Осыны басты нысана етіп ұстанған ата-бабамыз «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», «Ақ жүрген адам азбас», «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі» деп ар тазалығы басқаға қиянат жасамауға, шыншыл, әділ болуға баулиды. Әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік, мейірімділік, иманжүзділік қасиеттердің бәрі ар-ұят, ождан тазалығынан туындайды.

Мақсаты

Сауаттылыққа тәрбиелеу арқылы баланын ойын жүйелеуге, ойлау қабілетін жетілдіру, сауатты жазуға үйрету, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу.

Міндеті

- Ауыз екі сөйлеу білу;
- Сөздік қорын молайту;
- Шығармашылық тұрғыдан ойлау;
- Өз еркімен шешім қабылдауға;
- Белсенділік;
- Сауаттылығын дамыту үшін шаралар өткізу



Курстық жұмыстың объектісі: Баланы сауаттылыққа тәрбиелеудің жүйесі

Курстық жұмыстың пәні: Сауаттылыққа тәрбиелеудің жолдары

Курстық жұмыстың болжамы: Егерде, біз болашақ ұрпағымды сауаттылыққа дұрыс тәрбиелесек, онда жақсы нәтиже шығатынына сенімдіміз.

Курстық жұмыстың әдісі: Зерттеу, бақылау, талдау, жинақтау, дедукция индукция.

Курстық жұмыстың құрылымы: Курстық жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттерден тұрады.



Қазақстан жаңа ғасырға дүниежүзі елдері қатарында терезесі тең ел ретінде келіп отыр. Жаңа ғасырды бастаған ұрпақ келер ұрпаққа қарыздар болып қалмас үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны анық. Қашанда білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл - қыздары ешқашан да жүдемесі хақ. Біздің басты байлығымыз – білім. Заңында және оқу-тәрбие саласына байланысты басқа да құжаттарда жан-жақты білімді, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, денсаулығы мықты, шешен тілді, рухани дүниесі бай және салауаттылық деңгейі жоғары ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі көрсетілген.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың қабылдануы – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту болып табылады. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – **сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты** – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Оқу және жазу сауаттылығы

Оқушылардың көне дүниелермен танысу, білу, құштарлану құзыреттілігін қалыптастыру. Көрген-білгендерін тиянақты түрде мазмұндап жеткізу

Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылық

Оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, ғылыми білім жүйесіне негізделіп, танымның логикалық –саналы тәсілдеріне арқа сүйей отырып, оқушыға берілетін теориялық біліммен сипатталып, ғылыми категориялар мен дәлелдерді кеңінен пайдалануға машықтандырады.

Компьютерлік сауаттылық

Оқушының ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын дамыту.

Математикалық сауаттылық

Математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудігі басты құралы ретінде көрінеді.

Денсаулық сауаттылық

Дені сау, жаны сау оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Құқықтық сауаттылық

Оқушының құқықтық білімін жақсарту, құқықтық ұғыну, өз құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу, заң күшіне сену т.б.



Баланың сауаттылыққа тәрбиелеудің барысы.

1. Зердесін дамыту

*2. Эмоциясы мен сезімдерін
дамыту*

*3. Күрт қиыншылықтарға
төтеп бере алуын дамыту*

*4. Өзіне-өзінің сенімділігін,
өзін-өзі қабылдау, жақсы
көруді дамыту*

*5. Танымдық үрдісін
дамыту*

*6. Өзін-өзі алып жүре
алуын, дербестігін дамыту*

*7. Өзін-өзі көрсете алуына,
өзін-өзі жетілдіруге
ынтасын дамыту*



Зайырлы
құқықты
мемлекет

Отанын қорғап,
құрметтейді

Толық отбасы

Әке көрген - оқ
жонар, шеше көрген
тон пішер

Мінсіз ұстаз

Жан
жақты дамыды

Жақсы достар

Адалдықты,
жанашырлықты т.б
қасиеттерді бойына
сіңірді

Тұрмыстық
жағдай

Өмір сүру
тәртібі, күн
тәртібіне үйренді

Мәдениетті
орта

Этика-эстетика,
сұлулыққа
үйренді

Жауапкершілігі
мол ата-ана

Жауапкершілік
ке үйренді

Дамыған,
тәрбиелі
жарқын
болашақ-
тың иесі-
сауатты
жас ұрпақ
тәрбиеленді

Қорытынды

Ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлттық сана-сезім, ұрпақты руханилыққа және салауаттылыққа тәрбиелеуде ұлтымыздың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, жазба мұралары негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан асыл мұраларды жинақтап, зерттеп зерделеудің құндылығы арта түсуде. Қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, салауаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған. Ер балаларға ауылдың үлкендеріне қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап, үлкендерге жол беруді, олардың алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жадына «сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық, «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені», «Кішіпейілдіктен кішіреймейсің», «Жұпыны жұтамайды, сыпайы сүйкімді» деген қағидаларды үнемі уағыздаған. Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады Оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу . Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету.Мемлекеттік тілде ауызша,жазбаша қарым-қатынас жаса .Әулеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардыңшешімін таба алуға үйретуОқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы; .Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы
Қазақ халқының салт –дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеге баулу.



*Назарларыңызға
рахмет!!!*